

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес отырысының
№19 ХАТТАМАСЫ**

13 мамыр 2022 ж.

Алматы қ.

Өткізу форматы: аралас.

**«БЖЗҚ» АҚ ОА көзбе-көз/
онлайн (Cisco Webex Meetings)**

ҚАТЫСҚАНДАР

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңестің (бұдан әрі – Кеңес, ҚК) мүшелері

- 1) Бурабаев Ерлан;
- 2) Ледовских Ирина;
- 3) Алёхова Александра;
- 4) Алтынбекова Гүлсара;
- 5) Батищева Татьяна;
- 6) Жолдасбеков Азамат
- 7) Донских Алевтина
- 8) Құсайынов Айдархан;
- 9) Нұрабаев Жомарт;
- 10) Своик Пётр;
- 11) Сейпильник Евгений;
- 12) Тәжібекова Жұмагүл.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - БЖЗҚ) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Құрманов Ж.Б., «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы;
- 2) Егеубаева С.А., «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) Фазылова К.Н., «БЖЗҚ» АҚ стратегиялық даму департаментінің директоры;
- 4) Нұрғазин Н.Ж., «БЖЗҚ» АҚ ҚРҰБ Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары;
- 5) Ақмаева М.А., «БЖЗҚ» АҚ жұртшылықпен байланыс департаменті директорының орынбасары, ҚК хатшысы.

Отырысқа кеңестің 12 мүшесі қатысты. Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ

1) ұйымдастыру мәселелері: Қоғамдық кеңес басшылығын қайта сайлау (*Кеңес туралы Ережеге сәйкес 28-т.*).

2) «БЖЗҚ» АҚ 2021 жылғы қызметі және 2017-2021 жылдардағы Корпоративтік даму стратегиясының орындалуы туралы есеп.

3) ҚРҰБ жүзеге асыратын зейнетақы активтерін инвестициялық басқару туралы ақпарат.

ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша кеңес хатшысы Марина Ақмаева «БЖЗҚ» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық Кеңес туралы» Ереженің 28-тармағына сәйкес, Кеңес жыл сайын өз мүшелерінің арасынан Кеңес Төрағасын және оның орынбасарын сайлайтынын хабарлады.

Кеңес мүшелерінен Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының басқарушы директоры Ерлан Бурабаевты, ал төраға орынбасары - журналист Ирина Ледовскихті қайтадан сайлау туралы ұсыныс түсті. Дауыс беру көзбе көз және онлайн өтті.

Дауыс беру:

"келіскендер" – 12

"қарсы" – 0

"қалыс қалғандар" – 0.

Шешім қабылданды.

Өз кезегінде Ерлан Бурабаев өзіне артылған сенім үшін алғысын білдіріп, алдағы уақытта ҚК ауқымды жұмыстар атқаратынын атап өтті.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша «БЖЗҚ» АҚ Стратегиялық даму департаментінің директоры Камила Фазылова сөз сөйледі. Ол Қордың өткен 2021 жылғы және 2017 жылдан бергі бес жылдық кезеңдегі қызметі туралы есеп берді. Есепке сәйкес, 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша БЖЗҚ салымшыларының **шоттарында 13,1 трлн теңге** зейнетақы жинақтары қалыптастырылған. 01.01.2021 ж. мен 01.01.2022 ж. аралығындағы бір жыл ішінде, бұл көрсеткіш 156,6 млрд теңгеге немесе 1% ұлғайды Қор спикері атап өткендей, тұрғын үй және емделу мақсатында қомақты көлемде БЗТ алынғанына қарамастан, жалпы зейнетақы жинақтары өсімінің оң серпіні сақталды. Біріншіден, бұл кірістің шығыс ағындарынан асып түсуінің арқасында мүмкін болды.

2021 жылдың 12 айында БЖЗҚ салымшылары алдыңғы жылмен салыстырғанда бір жарым есе көп жарна аударды. 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша салымшылардың шоттарына **1,3 трлн теңгедей** зейнетақы жарналары түсті, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңдегі көрсеткіштен 255,7 млрд теңгеге артық. Салымшылардың жарналарынан басқа, зейнетақы жинақтарының едәуір өсуі таза инвестициялық табыстың арқасында қамтамасыз етілді, ол 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 1 қаңтарына дейін **1,4 трлн теңгеге** жетті. Бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен 138,2 млрд теңгеге немесе 11% артық. Қазақстан Ұлттық Банкінің басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілік 2021 жылдың басынан бастап инфляция 8,4% болғанда **11,13%** құрады.

Сондай-ақ, Камила Фазылова жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысты заңнамалық өзгерістер туралы қысқаша айтып берді:

01.01.2021 жылы 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы Келісім күшіне енді. Келісімнің негізгі мақсаты жұмысқа орналастырушы мемлекеттің азаматтарымен тең дәрежедегі шарттар мен тәртіпте Одаққа мүше мемлекеттер еңбекшілерінің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру болып табылады.

02.01.2021 жылы зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсартуға, емделуге ақы төлеуге немесе басқарушы компанияларға беруге пайдалануды көздейтін ҚР «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 399-VI Заңы қабылданды.

2021 жылдың наурызында зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу қағидалары өзгеріп, зейнетақы жинақтары жоқ шоттарды жабу мерзімі 36 айдан 1 айға дейін қысқарды - нәтижесінде бір мезгілде 124 мың нөлдік шот жабылды.

01.04.2021 жылдан бастап зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне өзгерістер енгізілді, оған сәйкес кесте бойынша төлемдерді есептеу тәртібі қайта қаралды, сондай-ақ, БЖЗҚ-дан кесте бойынша ең төменгі төлем мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%-дан 70%-ға дейін ұлғайды (01.01.2021 ж. бастап). Өзгерістер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2013 жылғы № 1042 қаулысымен бекітілген.

01.05.2021 жылдан бастап ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу кезінде ЖЗШ өтінішсіз ашылатын болды. Сонымен қатар, ерікті зейнетақы жарналарының салымшыларына БЖЗҚ-да кемінде 5 жыл болған ерікті зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу құқығы берілді.

26.10.2021 жылдан бастап міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу кезінде ЖЗШ ашудың мәлідемесіз тәртібі қолжетімді.

Бұдан басқа, 2021 жылдың соңында БЖЗҚ өзінің enpf.kz корпоративтік сайтында Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген 2022-2026 жылдарға арналған Корпоративтік даму Стратегиясын жариялады. Алдыңғы Корпоративтік стратегия 2017 жылы қабылданып, БЖЗҚ-ның 2021 жылға дейінгі кезеңге арналған мақсаттары мен міндеттері толық орындалды. Стратегия қолданыста болған бес жыл ішінде зейнетақы жинақтарының көлемі 5,3 трлн теңгеге немесе 68% ұлғайды. Зейнетақы жинақтарының орташа жылдық өсімі осы кезеңде ЖІӨ өсімінен асып түсті. Зейнетақы жинақтары, зейнетақы жарналары, инвестициялық табыс, зейнетақы төлемдерінің және т.б. өсуі байқалып, зейнетақы активтерінің 2017-2021 жылдардағы орташа жылдық кірістілігі орташа жылдық инфляция 6,7% болғанда 9,6% құрады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі (ЖЗЖ) енгізілген сәттен бастап жинақталған кірістілік көрсеткіші 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақталған инфляция деңгейінен 1,2 есе асып түсті (тиісінше 681,13% және 546,77%). 2017-2021 жылдар аралығында жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушылар (МЗЖ бойынша бірегей салымшылар мен алушылар) саны 1,9 млн адамға немесе 20,9% көбейіп, 10,9 млн адамға жетті. 2022 жылдың 1 қаңтарына жарналардың барлық түрлері бойынша жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 11,5 млн бірлік болды. ЖЗШ-ның орташа жылдық өсу қарқыны бұл кезеңде 4% көрсетті. БЖЗҚ жұмысына халықаралық ұйымдар да оң баға берді. Атап айтқанда, 2022 жылдың мамырында Еуропа елдері арасындағы халықаралық Әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығының (ХӘҚҚ) «Good Practice Award for Europe 2022» марапаты иегерлерінің бірі «БЖЗҚ» АҚ болды. Қор «корпоративтік стратегияны абыроймен жүзеге асырып, тең көлемде қолжетімділікті қамтамасыз ету есебінен жинақтаушы зейнетақы жүйесін кеңейтудегі, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және халықтың қаржылық сауаттылығын арттырудағы жетістіктері үшін» үздік грамотаға ие болды.

«БЖЗҚ» АҚ-ның 2021 жылғы қызметі және 2017-2021 жылдардағы Корпоративтік даму стратегиясының орындалуы туралы ақпарат назарға алынсын деген ұсыныс түсті.

Дауыс беру:

"келіскендер" – 12

"қарсы" – 0

"қалыс қалғандар" – 0.

Шешім қабылданды.

Үшінші мәселе бойынша Қазақстан Ұлттық банкінің монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары Нұржан Нұрғазин сөз алды. Ол 2022 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерінің құрылымын таныстырды. Жеке зейнетақы қорларын БЖЗҚ-ға шоғырландыру аяқталған сәттен бастап (2014 жылғы сәуір) Қордағы зейнетақы активтерінің портфелі 4,0 трлн теңгеден 12,9 трлн теңгеге дейін; зейнетақы активтерінің валюталық үлесі 17%-дан 32% дейін өсті. Бұдан басқа, активтердің жіктелімі бойынша валюталық портфельді мақсатты бөлу белгіленіп,

халықаралық нарықтарда зейнетақы активтерін басқаруға шетелдік компаниялар жұмылдырылды.

Сондай-ақ, ҚР ҰБ өкілінің айтуынша, 2021 жыл мен 2022 жылдың бірінші тоқсанында БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау біржолғы зейнетақы төлемдерінің алынуы салдарынан шектеліп, ҚР Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңес мақұлдаған бағыттар шеңберінде нарықтық жағдайларда жүзеге асырылған. Атап айтқанда, 2021 жылы 318,5 млрд теңгеге орташа алынған кірістілігі жылдық 10,8% болатын ҚР Қаржы министрлігі шығарған ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, сондай-ақ, 52,1 млрд теңгеге орташа алынған кірістілігі жылдық 12,2% болатын ЕДБ облигациялары сатып алынды. 2022 жылдың алғашқы 4 айында 374,9 млрд теңгеге орташа алынған кірістілігі жылдық 12,3% құрайтын ҚР Қаржы министрлігі шығарған ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары сатып алынды.

Баяндама соңында инвестициялық қызмет көрсеткіштері, атап айтқанда, салымшылар үшін маңызды көрсеткіш – зейнетақы активтерінің табыстылығы туралы түсініктеме берілді. 2014 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің жинақталған табыстылығы инфляция 83,5% болғанда 109,4% құрап, нақты табыстылық 25,9% көрсетті. Зейнетақы активтерінің орташа жылдық кірістілігі бес жыл ішінде орташа жылдық инфляция 6,7% болғанда 9,5% құрап, үш жыл ішінде орташа жылдық инфляция 7,1% болғанда 9,5% жетті. Осылайша, ұзақ мерзімді және орта мерзімді басым бағытта зейнетақы активтерінің нақты кірістілігі оң сипатқа ие болды.

Азамат Жолдасбеков біржолғы зейнетақы төлемдеріне және осы мақсаттар үшін БЖЗҚ активтерінен шығатын ағындарға қатысты сұрақ қойды. Нұрғазиннің айтуынша, ағымдағы жылғы зейнетақы активтерінің портфелі өткен жылмен салыстырғанда жақсарды және кірістілік азайған жоқ. Кіріс ағындары БЗТ-ны қосқанда барлық төлемдерден асып түсуде. Баяндамашыны «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрманов та қолдады. Ол БЗТ алуға қарамастан, портфельдің несиелік сапасы жақсарып келе жатқанын атап өтті: «менің ойымша, бұл өте маңызды көрсеткіш, әсіресе осындай турбулентті кезеңдерде көрсеткішті қолдау қажет. Жеке қорлар кезінде инвестициялық кірістілік бойынша ағымдағы көрсеткіштерді асырып көрсету мақсатында портфельдердің сапасы төмендей бастағанын және проблемалық активтер пайда болғанын еске салғым келеді. Қазір ҚРҰБ басқаруындағы портфельдің жоғары сапасын қолдау ұзақ мерзімді басымдықта тұрақты оң кірістілік алуға мүмкіндік береді».

ҚР ҰБ жүзеге асыратын зейнетақы активтерін инвестициялық басқару туралы ақпарат назарға алынсын деген ұсыныс түсті.

Дауыс беру:

"келіскендер" – 12

"қарсы" – 0

"қалыс қалғандар" – 0.

Шешім қабылданды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Отырыстың күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша Қоғамдық кеңестің басшылығы қайта сайлансын. ҚК төрағасы болып ҚКҚ басқарушы директоры Ерлан Бурабаев, ҚК төрағасының орынбасары ретінде – журналист Ирина Ледовских сайланды.

Отырыстың күн тәртібіндегі 2-мәселесі бойынша «БЖЗҚ» АҚ 2021 жылғы қызметі және 2017-2021 жылдардағы Корпоративтік даму стратегиясының орындалуы туралы есеп назарға алынсын.

Отырыстың күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша ҚРҰБ жүзеге асыратын зейнетақы активтерін инвестициялық басқару туралы ақпарат назарға алынсын.

Сондай-ақ, ҚК болашақ отырыстарының тақырыптары ұсынылды:
БЖЗҚ-ның проблемалық эмитенттердің зейнетақы активтерімен жұмысы.
«БЖЗҚ» АҚ 2022-2026 жылдарға арналған Корпоративтік даму стратегиясы.
Бірыңғай жиынтық төлем шеңберіндегі міндетті зейнетақы жарналары.

Жиналыс төрағасы

Е.Бурабаев

Жиналыс хатшысы

М.Ақмаева